<p>Таңғы ас</p>	<p>Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. (Сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Ас қайыру тақпағы: Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!</p>	<p>Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесін үйрету.</p>	<p>«Ас адамның арқауы» Міндеті: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап Балалардан дастархан басында айтылатын тыйым сөздерді сұрау. («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру Д/ойын Не артық? Міндеті: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға баулу. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. (қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Біреу – көп» Міндеті: «біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. (математика негіздері)</p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Ойын жаттығу» Міндеті: Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. (дене шынықтыру)</p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Менің досым» Міндеті: - Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету.</p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру Фотосуреттер қарастыру: «Көліктер» Міндеті: Фотосуреттегі көліктердің түрлерімен таныстырып, олар қоршаған ортамен байланысты екенің түсіндіру. (Қоршаған ортамен танысу)</p>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>«Сапқа қайта тұру» Міндеті:Сапқа екі қартармен тұру және сап құрылымын өзгертіп қайта тұруды қайталатуу. (дене шынықтыру)</p> <p>«Өзіне байланысты кеңістікті бағдарлау» Міндеті: Өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.Өзінің дене мүшелері (қол, аяқ, бас, көз, құлақ, т.б), олардың атқаратын қызметі туралы түсініп, айтып беруге үйрету. (Математика негіздері)</p> <p>«Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру» Міндеті: Заттар және олардың түрлерімен таныстыру.Қол маторикасын, ойлау қабілеттерін арттыру. (құрастыру)</p>	<p>« Бір-бірден сапқа тұру,жай жүріспен жүру» Міндеті: Саптан шықпай өз бағытын сақтауды, саппен жүруге үйретуді дағдыландыру. Жай сапқа өз орнын табуға үйрету.</p> <p>(дене шынықтыру)</p> <p>«Жаңылтпаштар жаттап жарысайық» Міндеті: жаңылтпашты нақты, жылдам айтуға, тілді жаттықтыру жаттығуларын есте сақтауға үйрету. Бар, май шайқа, Байқа, жай шайқа. Шаншар шаршап жатыр, Қайсар жайша жатыр. (Қазақ тілі)</p>	<p>«Қонжық бізде қонақта» (ойын-сахналау) Міндеті:Балаларды шағын тақпақтарды жатқа айтуға, кейіпкерлер бейнесін сомдауға,дауыс ырғағына ,дыбыстау көркемдігіне көңіл аударту. (сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)</p> <p>«Топтағы сүйікті ойыншығым» /өз бетінше/. Міндеті: Балаларды сүйікті ойыншығының суретін салуға, пішіні мен бөліктерінің сәйкес болуын келістіре білуге үйрету.</p> <p>(Сурет салу)</p> <p>Челлендж «Ізгіліктің бір ізі-алғыс» Тақырыбы: «1 наурыз-Алғыс айту күні» Міндеті: "Алғыс күні"ұғымының мағынасын ашу, балалардың түсіну, бұл ұғымдар маңызды</p>	<p>«Ертегілер елінде» Міндеті: қуыршақ театры арқылы балаларды шығармашылыққа баулу әуен сипатын ажыратып қимылдауға ән айтуға дағдыландыру. (Музыка)</p> <p>«Алаша» Міндеті: Балаларға кеңістікті бағдарлай білуге түсінік беру; балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру. (жапсыру)</p> <p>Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Бағдаршам және біз» әңгімелесу. («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>«Тепе теңдікті сақтап жүгіруді үйрету» Міндеті:балаларға қатарда дұрып, денені дамытатын жаттығуларды дұрыс жасату. Қимыл қозғалыстарын дамыту, жаттығуларға деген қызығушылықтарын ояту. (дене шынықтыру)</p> <p>«Қыстау» (құрылыс материалдарынан құрастыру) Міндеті:Құрылыс материалдарының негізгі бөлшектерін (текше,кірпіш),олардың түстерін,көлемдерін атай отырып,жануарларға қыстау (мал қорасын)құрастыруды және үокен құрылыс материалдарымен жұмыс істеуді үйрету.өз қиялымен құрылымды құрастыруға тәрбиелеу. (құрастыру)</p>
---	--	---	--	--	---

			болып табылады олардың әрқайсысы дамыту үшін мәдени құндылықтар мен адами қарым-қатынасын қалыптастыру; («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)		
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Серуенге дайындық	Жүйелі киініп серуенге шығу . Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Балалармен жеке әңгімелесу. Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Балалармен жеке әңгімелесу. Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.
Серуен	Серуен № 1 Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты:Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.	Серуен № 2 Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Еңбек:Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек	Серуен № 3 Бұршақты бақылау Мақсаты: «Бұршақ» түсінігімен таныстыру; Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру;есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру. Еңбек :Аула қараушыға кескен бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, еңбек	Серуен № 4 Итті бақылау Мақсаты:жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру; жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту. Еңбек: Жер қазу жұмыстарына қатысу. Мақсаты:ұжыммен	Серуен № 5 Бұлттарды бақылау Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру. Еңбек:Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға

	Еңбек:Гүл егетін жерді тазалау. Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру)	етуге баулу. Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты:ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. (қоршаған ортамен таныстыру) Суға қатысты тыйым сөздер. Мыс: суға түкірме, суды бекер ағызба т.б (Экологиялық мәдениет дағдысы)	нәтижесіне қуануға үйрету. Қимылды ойын: «Ақ серек-көк серек». Мақсаты: ойын шартын сақтап ойнауға, құрбыластарын тыңдай білуге, олармен санасуға баулу. (қоршаған ортамен таныстыру)	жұмыс істей білулерін тиянақтау; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан». Мақсаты:белгі бойынша әрекет етуге баулу; жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру)	көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты:бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен таныстыру) «Жансыз табиғат (ауа,су,топырақ,тас, түс,жарық) (Экологиялық әдениет дағдысы)
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды үйрету.	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Балалардың реттілікпен шешінуі. Бір -біріне шешінуге көмектесу.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп жәшіктеріне орналастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.
Түскі ас	Ас алдында айтылатын тақпақ; Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң,Орнымызды жинаймыз.	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Ас қайыру. Асың, асың, асыңа, Береке берсін басыңа!	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту.	Ас мәзірімен таныстыру, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.
Күндізгі ұйқы	«Шалқан» ертегісін балаларға оқып беру (көркем әдебиет, музыка)	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі (музыка)	«Бесік жырын» тыңдату (музыка)	«Үйшік» ертегісін оқып беру (көркем әдебиет)	«Қуыр-қуыр-қуырмаш» (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан	«Басты бұру»	«Алақаныңды	«Қайық»	«Ояну»	Гимнастикалық жолдан

ояту,сауықтыру шаралары	Төсекте отыру, қол белде, басты оңға бұру, Қалыпқа келу. Қайталау, сол жаққа Қалыпқа келу.	көрсет» Қолдары иықта, Қолдарды алға созу, алақан көрсету. Қайталау, сол жаққа, алақан төменде. Қалыпқа келу.	Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жартылай тұрып, еңкею, тербелу.	Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.	жүру Жүрейік біз жүрейік Аяқты біз емдейік Аяқ қолым мықты болып Көпірлерден өтейік.
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Ас қайыру. Асың ,асың асыңа, Береке берсін басыңа, Дастарханың мол болсын!	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Суреттеу бойынша тап» Міндеті: Балаларды заттар мен ойыншықтардың сипаттық бейнесін баяндау арқылы әңгімелеуге үйретуді жалғастыру,сипаттау мәтінін құрастыра білуге үйрету. Киімді күтіп киюге баулу (сөйлеуді дамыту) «Шағылысқан күн сәулесі» Міндеті: Балаларған алақанмен саусақ көмегімен күн бейнесін салдыру. (сурет салу)	« Әтеш пен Тоты» ертегісі Міндеті: Ертегіні мазмұндауға және ролдерде ойнауға баулу.Сұраққа жауап беруде, ертегі жолдарын қолдану арқылы, толық сөйлеммен айта білуге үйретуді жалғастыру. (сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет) « Мен кімін?» Міндеті: Өзін-өзі танудағы талаптарын мадақтау.Дене мүшелері(қол;аяқ,бас,т.б)көру,есту,дәм сезу,сипап сезу мүшелері не үшін қажет екенін	« БІдыстар» Міндеті: Балаларға ыдыс атауларымен таныстыру.Зейінін,есте сақтау қабілетін дамыту. Тіл ұстарту жаттығуы: Се-се-се-бұл үлкен кесе, Ке-ке-ке- бұл үлкен тәрелке. Қы-қы-қы-өте ауыр шанышқы. (қазақ тілі) « Оң жақта- сол жақта, астында-үстінде» Міндеті: Балаларды кеңістік қатынастарымен оң-сол, үстінде ұғымдарымен таныстыру.Заттардың өзара орналасуын, орнын ажырату	« Әжеме арналған печенье» Міндеті: Кейбір азық – түлік тағамдарын ермексиздан шымшу, жұлу, жалпайту, домалату тәсілдерімен мүсіндету. балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, мүсіндеуде саусақ қимыл қозғалыстарының ептілігін қалыптастыру. (Мүсіндеу) « Саусақ арқылы жемістердің суретін салу» Міндеті: Балаларға жемістерді түсіне, көлеміне қарай ажыратып, аттарын дұрыс атай отырып, суретін салып, бояту (Сурет салу)	« Дыбыстарды дұрыс айтайық» (ә, ө, қ, ү, ұ) Міндеті: балаларға дауысты дыбыстарды (ә, ө, қ, ү, ұ) дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. (қазақ тілі) « Кеңістікті бағдарлау. Оң жақта- сол жақта, астында-үстінде, арасында» Міндеті: Балаларды кеңістік қатынастарымен оң-сол, үстінде арасында ұғымдарымен таныстыру. Заттардың өзара орналасуын, орнын ажырата білу. (Математика негіздері)

		түсіндіру. (қоршаған ортамен таныстыру)	(Математика негіздері)		
Балалармен жеке жұмыс	<p>«Ойыншықтар» Міндеті: Тақырыптық сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға баулу, «қ», «і», «ұ» дыбыстарын есту дұрыс айтуын нақтылау және бекіту. Аның сөйлеуге жаттықтыру. (Қазақ тілі)</p> <p>«Әдемі орамал» Міндеті: Ұлттық киім туралы түсініктерін қалыптастыру, жапсыруға арналған тапсырмаларды дұрыс орындату; үшбұрыштың ішіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру, кеңістік пен түстерді ажырата білу. (Жапсыру)</p>	<p>«Қуыршаққа арналған керует» Міндеті: Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан қуыршақтардың мөлшеріне сай түрлі көлемді пішіндегі бөлшектерді қолданып, үлгіге қарап құрастыру, балалардың іскерліктерін қалыптастыру. (құрастыру)</p> <p>«Түскиіз» Міндеті: Балаларға екі бүктелген парақтан күрделі емес ұлттық ою-өрнектерді симметриялы қиюды үйрету; балалардың халық өнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. (жапсыру)</p>	<p>«БІдыстар» Міндеті: балаларға қуыршақты қонаққа келтіре отырып, қонақ күте алуға, үстелге қажет ыдыстардың түрлерін атап, ажырата алуға баулу . Ермексаздан кесенің мүсінін мүсіндету. (қоршаған ортамен таныстыру, мүсіндеу)</p> <p>Көңілді пойыз (ұжымдық жапсыру) Міндеті: Коллаж, жапсыру, бүктеу өнері жайлы түсініктерін бекіту. Балаларды жапсыру түрлерімен таныстыру. Түрлі-түсті қағаздардан геометриялық пішіндерді (төртбұрыш, шаршы, дөңгелек) қиып, қағаз бетіне ұқыптап жапсырып, дұрыс орналастыруға баулу. (Жапсыру)</p>	<p>А. Бақтыгереева «Менің апам» Міндеті: Өлең жолдарын жаттай отыра сөздік қоларын байыту, тілдік грамматикалық құрылымын қалыптастыру, жалғауларды дұрыс жалғап айтуға үйрету. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Уақытты бағдарлау» Міндеті: Уақытты бағдарлау. Таңертең, түс, бесін, кеш, түн уақыт терминімен таныстыру. Апта күндері туралы түсініктерін нақтылау. (математика негіздері)</p>	<p>«Үйшік» ертегісі Міндеті: Балаларды «Үйшік» ертегісімен таныстыру. Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы, сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту. Ертегіні сахналау барысында кейіпкерлердің бейнесіне еніп, балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>«Ұзын құлақ ақ қоян» Міндеті: Дайын формалардан қояның бейнесін құрастырып-жапсыру. Қылқаламға желімді ұқыпты жағып алып, дұрыс жапсыруға жаттықтыру. (жапсыру)</p>
Серуенге дайындық	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Балаларды табиғатпен таныстыру.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.

<p>Серуен</p>	<p>«Мен және менің достарым» Міндеті:өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру Топтағы балаларды атымен атауға баулу, «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.Құрдас тарымен өзара түсінісіп, қарым қатынас жасай білуге баулуу. (қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>«Кеңістікті бағдарлау» Міндеті:Кеңістікті бағдарлай білуді түсіндіру.Заттардың қайда орналасқаны туралы түсінік беру.Балаларға оң-сол жақтарын білуге баулу. (математика негіздері)</p>	<p>Бір-біріне допты лақтыру және қағып алу (ара қашықтық 1,5 м) Міндеті: Допты бір-біріне бағытын сақтай отырып лақтыру және екі қолмен қағып алуға баулу.Бір-біріне допты беру және доптың ұшу бағытын қадағалау. (дене шынықтыру)</p>	<p>«Заттар әлемі» Міндеті: Заттар әлемі туралы түсініктерін бекіту. Заттардың адам өміріндегі маңызы туралы көзқарастарын кеңейту. Заттардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>«Допты екі қолмен домалату» Міндеті: Саптізбекте бір қатармен және шашырап жүру мен жүгіруге жаттықтыру, кеңістікте допты екі қолмен домалата білу дағдысын дамыту, белгі бойынша әрекет етуге дағдыландыру. (Дене шынықтыру)</p>	<p>«Ойыншықтар» Міндеті: Балалардың мінез- құлқында қарапайым әдеп ережелерін(ойыншықтармен бөлісу) бекіту. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуге баулу. (қоршаған ортамен таныстыру)</p>
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті</p>	<p>«Отбасыма арналған тағамдар» /алма, саңырауқұлақ, сәбіз/ өз бетінше/ Міндеті:Алдында меңгерген тәсілдерді қолдана отырып таныс заттарды мүсіндеу дағдыларын</p>	<p>«Ыдыстар», «Қызыл кесе» Міндеті: Балаларды ыдыс түрлерімен таныстыру. Ыдыстардың атын дұрыс айтуға және ажырата білу. Балаларды кесеніңсыртын</p>	<p>«Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру» Міндеті:Заттар және олардың түрлерімен таныстыру.Қол</p>	<p>«Үлкен поезд» Міндеті:Балаларға құрылыс материалды таңдауға,бөлшектерді ауыстыру арқылы құрылысын өзгерту.Іскерліктерін дамыту. (құрастыру)</p>	<p>«Жабайы аң - аю» Міндеті: Балаларды бірнеше бөлікетен тұратын заттарды мүсіндету. Бөліктерді біріктіруді жетілдіру,жануарлардың мүсінін жасату. Мүсіндеудің таныс тәсілдерін бекіту:</p>

	бекіту. Ермексаз түсін таңдай білуге, мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (Мүсіндеу)	тәрбиешінің үлгісі бойынша саусақ әдісі арқылы әдемілеп безендірту. (сурет салу, мүсіндеу)	маторикасын, ойлау қабілеттерін арттыру. Қарапайым құрылыстарды өз беттерінше құрастыра білу. (құрастыру)	«Санамақтар». Міндеті: Балаларды санамақтар айтуға баулу. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. (қазақ тілі)	домалақтау, созу, бөліктерді бір – біріне қосу. Түрлі түсті қарындаштармен аюдың жетпес бөлігін бейнелету. (Мүсіндеу, сурет салу)
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу.	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу.	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу.	«Өнегелі 15 минут» Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)

Тексерілді: _____

Балабақша әдіскері: Т.Ә.Жолдыбаева

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Балбала» бөбекжай -бақшасы

Топ: «Балдәурен» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз айы, 11.03-14.03.2025 жыл

Тәрбиешілер: Ж.Ж.Боданова Т.Ә.Жолдыбаева

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау		«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен «Күй күмбірі» Т.Қазанғапұлының «Сарыжайлау» күйімен қарсы алу. («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы) Үстел үсті ойыны: «Мозайка» Балалардың ойлау және есте сақтау қабілетін дамыту.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен «Күй күмбірі» Қ.Сағырбайұлының «Балбырауын» күйімен қарсы алу. («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы) Дидактикалық ойын: «Кірпінің саңырауқұлақтарын тап» Міндеті: Негізгі түстерді ажырата, атай білуге баулу. Шапшаңдылыққа, ептілікке,	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен «Күй күмбірі» Д.Нұрпейісованың «Тойбастар» күйімен қарсы алу («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы) Әңгіме: «Туған өлке» Міндеті: Өздері тұратын жері, туған жерінің табиғатын, өз қаласын немесе ауылы туралы әңгімелету.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен «Күй күмбірі» Қ.Сағырбаев «Ақсақ киік» күйімен қарсы алу («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы) «Не қалай дыбыстайды?» саусақ ойыны Міндеті: Кейіпкерлерді ит, мысық, тышқан, әтеш) көрсетіп, дыбысын салуға баулу. Қуанышты көңіл-

		(Құрастыру) «Апта сөз дәйектері» «Тәуелсіздік-тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)	ұқыптылыққа баулу. (Қоршаған ортамен таныстыру)	(Сөйлеуді дамыту) «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»- ұлттық ойындар ұйымдастыру «Сақина салу» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)	күй сыйлау. (Музыка)
Ата–аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу.	«Өнегелі 15 минут» Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу. («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)	«Өнегелі 15 минут» Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу. («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)
Балалардың дербес іс – әрекеті		«Бүтін және бөлік» Міндеті: Балаларға бүтін, бөлік ұғымдарын түсіндіру. (Математика негіздері)	«Құмырадағы гүл» Міндеті: Балаларға ермексазды пайдаланып отырып құмырадағы гүлді мүсіндету. (Жапсыру)	«Шалқан» ертегісі Міндеті: Ертегі туралы түсінік беру. Ертегідегі жануарларды атату, үй жануары жабайы жжануарларды ажырату (Көркем әдебиет)	«Алайқай көктем келді!» Міндеті: Көктем мезгілі туралы түсінік беру. (Сөйлеуді дамыту)
Таңертеңгі жаттығу		Наурыз айына арналған таңертеңгілік жаттығу № 14 Қазақстан Республикасының әнұранын орындату. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Наурыз айына арналған таңертеңгілік жаттығу № 14 Қазақстан Республикасының әнұранын орындату. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Наурыз айына арналған таңертеңгілік жаттығу № 14 Қазақстан Республикасының әнұранын орындату. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Наурыз айына арналған таңертеңгілік жаттығу № 14 Қазақстан Республикасының әнұранын орындату (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)
Таңғы ас		Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз,	«Ас адамның арқауы» Міндеті: Балаларға аспазшының жұмысымен	Баға беру Астарыңа адалдық берсін!	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға

		Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	таныстыру, сұрақ-жауап (сөйлеуді дамыту)	Бастарыңа амандық берсін!	тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Менің анам» Міндеті: Ана туралы түсіндіру. Өлеңді жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздік қорын дамыту. (Сөйлеуді дамыту) «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»- ұлттық ойындар ұйымдастыру «Ханталапай» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Кітап бұрышына» саяхат жасау. Міндеті: Балаларды кітап бұрышына саяхат жасап, кітаптарды әр балаға беріп суреттерін қарап тамашалау. (Көркем әдебиет)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру Қимылды ойын: «Ақ қоян» Міндеті: балаларды ептілікке баулу. (Дене шынықтыру)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Ауыр жеңіл» Міндеті: Балаларға пішіндердің басқа заттармен ұқсастығы жайында түсінік беру. (Математика негіздері) «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»- ұлттық ойындар ұйымдастыру «Теңге ілу» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		«Тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру» Міндеті: Тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттықтыру. Тепе теңдікті сақтап жүруде әдіс-тәсілдерді дұрыс орындауды баулу. (дене шынықтыру) «Үй жануарлары» «Ботақан» тақпағын жаттату. Міндеті: Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратып дұрыс айтуға, сұраққа дұрыс жауап беруге, жануарлардың аттарын көпше түрде айтуға үйрету. Тақпақты дұрыс	«Шуақты көктем» Міндеті: Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға баулу. (музыка) «Ойыншықтар» Міндеті: тақырыптық сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтқызу, «қ», «і», «ұ» дыбыстарын есту дұрыс айтуын нақтылау және бекіту. Анық сөйлеуге жаттықтыру. Ойыншықтарды ұқыпты	«Қақпаға допты домалату» Міндеті: Балаларды сұлтандармен жүру және жүгіруге жаттықтыру, доғаның астынан допты домалату, гимнастикалық орындықта жүргенде тепе-теңдікті сақтауға, құзіреттілік қасиеттерді жетілдіру. (дене шынықтыру) «Орманға саяхат» Міндеті: Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжетті ойындық кейпкерлер арқылы (аю қорбаңдап	«Сапта тізбекте бір-бірден жүгіру» Міндеті: қимыл бағытын сақтап, саптізбекте бір-бірден жүгірту. Қозғалыс ептілігі мен дағдыларын жақсартуға талаптандыру. (дене шынықтыру) «Түрлі түсті моншақтар» Міндеті: саусақ немесе бастырма арқылы сурет салуға дағдыландыру. Саусақ немесе бастырма арқылы моншақтың суретін салуға баулу; бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ермексазда

		жаттауға дағдыландыру. (қазақ тілі)	ұстауға баулу. (Қазақ тілі)	жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады) шығармашылыққа баулу. (Музыка)	н моншақты мүсіндету. (сурет салу,мүсіндеу)
Серуенге дайындық		Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Жүйелі киініп серуенге шығу. Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.
Серуен		Серуен № 7 Шырша ағашын бақылау Мақсаты:Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру; Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру; Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Еңбек: шырша ағашының айналасын тазалау. Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын: Доппен ойын. Міндеті: Қозғалыс координацияларын дамыту. (қоршаған ортамен танысу)	Серуен № 8 Су тамшыларын бақылау Мақсаты:температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. Еңбек: Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Аяғыңды сулама» Міндеті:Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. (қоршаған ортамен таныстыру) «Қай жануар,қайда мекендейді?» Міндеті:Жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен жайын табу.	Серуен №9 Алғашқы еріген қарларды бақылау. Мақсаттар: көктемнің алғашқы белгілерін қоршаған табиғаттан таба білу қабілетін дамыту; Еңбек Гүл егетін жерді тазалау. Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. (қоршаған ортамен танысу) «Гүл шоғын құрастыр» Міндеті:Әсем гүлдердіпайдаланып,олардың қасиеттерін анықтап, олардың қайда өсетінін білу. (Экологиялық мәдениет дағдысы)	Серуен № 10 Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Еңбек:Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу. Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Міндеті:ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. (қоршаған ортамен танысу)

			(Экологиялық мәдениет дағдысы)		
Серуеннен оралу		Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Киімдерін ретімен шешіп, жәшіктеріне бүктеп қоюға қалыптастыру.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп жәшіктеріне орналастыру.
Түскі ас		Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.	Көркем сөз Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!	Бата беру Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! (көркем әдебиет)
Күндізгі ұйқы		Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үй жануарлары» Әңгіме	Ертегі оқып беру (көркем әдебиет)	«Бала, бала, балақан» (Музыка)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары		Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз.	«Кемпірқосақ сал» Бір қалыпта, арқасымен жату, аяқтары бірге, қолдары аяғының бойымен тіке тұрады. Жауырынды тік ұстап созылу.	«Қайық» Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жартылай тұрып, еңкею, тербелу.	Керует жанындағы жаттығулар Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық.
Бесін ас		Бата беру Дастарханың бай болсын. Қазан-ошағың май болсын. Әумин!	Балалардың назарын тағамға аудару. «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.	Көркем сөз Қолымызды жуамыз, Асханаға барамыз Асханаға барған соң Тамақ ішіп аламыз	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес іс-әрекеті		«Сол жақта-оң жақта.Заттарды сәйкестендіру» Міндеті: Сол жақта –оң жақта кеңістік түсініктерін қалыптастыру,өзінен тікелей бағыттағы кеңістікті	«Заттардың кеңістікте орналасуы» Міндеті: Заттың саны оның көлеміне және орналасуына байланысты емес екені туралы түсініктерін қалыптастыру.Түрлі сезім	"Әдемі гүлдер" Міндеті: Табиғатты қорғауға, адамгершілікке, ұқыптылыққа, бастаған ісін аяқтай білуге баулу.Қиылған дайын пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра	«Ауыз әдебиеті» Міндеті: Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін бекіту, баяу сөйлеу, жаңылтпаштар оқу артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіру.

	<p>ажырата білуге баулу. (Математика негіздері)</p> <p>"Наурыз мерекесіне арналған кілемді әшекейлейміз" Міндеті: Жыл басы-Наурыз туралы мағұлұмат беру; Наурыз мерекесінің ерекшелігі, ұйымдасытырылуы туралы түсініктерін қалыптастыру; сәндік жапсыру дағдыларын қалыптастыру. (жапсыру)</p> <p>«Әкелер» мектебі «Әкенің еңбегі- елге үлгі, ұрпаққа өнеге» Тақырыбы: «Менің әкем» Міндеті: Әкенің бала тәрбиелеудегі алатын орны туралы әңгімелеу. Бала мен әке арасындағы ара қатынасты нығайту туралы айту. («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>мүшелері арқылы санауға баулу. (Математика негіздері) «Топтағы сүйікті ойыншығым» /өз бетінше/. Міндеті: Балаларды сүйікті ойыншығының суретін салуға, пішіні мен бөліктерінің сәйкес болуын келістіре білуге баулу. (Сурет салу) «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»- ұлттық ойындар ұйымдастыру «Күш сынаспақ» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>білуге, түстерді, көлемді ажырата білуге баулу. (жапсыру)</p> <p>«Менің көңілді добым» Міндеті: Ойыншық туралы әңгіме құрастыруды жалғастыру. Балалардың сөздік қорын молайтып, тілін жаттықтыру. Ойыншықтар туралы тақпақ жаттатқызу. «Добым» Ш. Смаханұлы. Добым менің, добым менің, Өзің неткен көңілді едің. Зымырайсың, қутыңдайсың, Бірақ менен құтылмайсың. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Ұзын поезд» Міндеті: Бір бөлікті басқа бір бөлікке ауыстыра отырып, құрылымдарды өзгерту және құру. Балаларға құрылыс материалды таңдауға, бөлшектерді ауыстыру арқылы құрылысын өзгерту. (құрастыру)</p>	<p>Жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаштар-мен балалардың сөздік қорын толықтыру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Құрақ көрпе» Міндеті: Геометриялық пішіндерден өрнектер жапсыруды қалыптастыру, ұқыптылыққа баулу. (жапсыру)</p> <p>Қауіпсіздік ережелері. Тақырыбы: «Өмір қауіпсіздігі ережесі» Міндеті: Балаларға күнделікті өмірде кездесетін, пайдаланатын заттардың адам өміріне тигізетін пайдасы, сонымен қатар зияны туралы түсініктерін кеңейту, бекіту, білімдерін тереңдету. («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>«Көктем»(өлеңді жаттау) Міндеті: өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын ашу; балаларға табиғат</p>	<p>«Торғай» Міндеті: Балаларға ермексазды пайдаланып, құстардың бірнеше бөліктен</p>	<p>«Кесе» Міндеті: Заттың көлемін өрнектеуге машықтандыру. Кесені белгілі ретпен</p>	<p>«Геометриялық пішіндер» Міндеті: Қоршаған ортадан геометриялық пішіндерге</p>

		көріністерін сипаттап, қыс қызықтарының айтқызу; өлең шумақтарын жаттату, сөздік қорларын молайту. (сөйлеуді дамыту көркем әдебиет)	мүсіндей білуге баулу; Олардың дене бөліктерін дұрыс орналастыру және мүсіндету. (мүсіндеу) «Ою-өрнек» Міндеті: қазақ оюларының суретін салу тәсілдерімен таныстыру, қолданатын бұйымдарды ою-өрнектермен безендіру жолдарын геометриялық фигуралар салу арқылы көрсету. (жапсыру)	мүсіндетіп шар жасап алу, домалақтау әдісін пайдаланып бас бармақтың көмегімен ортасын шұңқырлау, барлық саусақтың көмегімен жан-жақтарын тегістей отырып, жиектерін тарту. (Мүсіндеу) «Түрлі-түсті моншақтар» Міндеті: Дөңгелек,сопақша пішіндерді пайдаланып моншақтарды тізу.Түрлі түсті боямен моншақтарды саусақтарымен бояуды қалыптастыру. (сурет салу)	төртбұрыш,үшбұрыш,дөңгелек пішіндерді тауып, оларды тұрмыстағы заттармен кірпіш, қияр үйдің шатыры сәйкестіндіре білуге баулу. Балаларға пішіндер туралы түсінік беру. (математика негіздері)
Серуенге дайындық		Балалардың киіну реттілігін бақылау. Балалармен жеке әңгімелесу.	Балалардың киіну реттілігін бақылау. Сыртқы киімдерін ауыстырып киюдi қадағалау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.
Серуен		«Ойыншықтар» Міндеті: Балалардың мінез-құлқында қарапайым әдеп ережелерін(ойыншықтармен бөлісу) бекіту. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуге баулу. (қоршаған ортамен таныстыру) «Музыка-ритмикалық қозғалыстар (жүру, жүгіру)»	«Табиғат әлемі» Міндеті: Табиғатты аялауға сақтауға баулу.Балалардың тілдерін, сөздік қорларын молайту.Адам мен табиғаттың байланысы, табиғаттың адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін терендете түсу. Табиғатта болатын таңғажайып құбылыстарды бақылай білуге баулу. (Сөйлеуді дамыту) «Лақтыру»	«Аспазшы жұмысымен таныстыру» Міндеті: Аспазшы еңбегімен таныстыра отырып аспазшының қандай жұмыс атқаратынын,еңбек нәтижесін көрсету.Оған еңбекте қандай құралдар пайдаланатынын түсіндіріп көрсету. (қоршаған ортамен таныстыру) «Топ бөлмесіне саяхат» Міндеті: .Қазақ тіліне тән дыбыстарды (і,ө) дұрыс	«Су- тіршілік көзі» Міндеті: Балалардың су туралы толық түсініктерін қалыптастыру. Тәжірибе жасау арқылы судың қасиеттерімен таныстыру.табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа баулу. (Қоршаған ортамен таныстыру)

		Міндеті: Музыка ырғағымен әртүрлі жылдамдықтағы жүріс түрлерін жасауға баулу. Балалардың есту қабілеттерін, дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту. (музыка)	Міндеті: Допты ұзаққа лақтыру әдісін қайталату.Көзбен мөлшерлеуге, дәлдеуге дағдыларын қалыптастыру. (Дене шынықтыру)	айтуға жаттықтыру; тіл үйренуге деген қызығушылықтарын ояту. Мынау – есік. І – і – і –ік – міне, есік. Мынау – кілем, кі-лем. І-і-кі-кі-кі-лем. Әдемі кілем. Үлкен кілем. - Мынау – төсек. Ө-ө-өс-өс-төс-төсек. (Қазақ тілі)	
Балалардың дербес іс-әрекеті		«Дәмді алмалар» (заттық сурет салу) Міндеті: алманың суретін сала білуге баулу. Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып, тегіс бояуды дамыту. Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.Балалардың қалаулары бойынша ермексаздан алманың мүсінін мүсіндету. (сурет салу,мүсіндеу) «Теледидар» Міндеті: Теледидар туралы түсінік беру. Конструктордан теледидар құрастыруға баулу, бөлшектерді бекіту мен құрылыстарды құру тәсілдерін жетілдіру. (Құрастыру)	«Көктемдегі бақбақтар» (ұжымдық жұмыс) Міндеті: Дымқыл сары түсті қағазды умаждап гүл жасату. Оны үлкен жасыл түсті қағазға жапсырту. Ұжымдық жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қиялын көркемдік талғамын дамыту. (Құрастыру) «Дәрігер бізді емдейді» (дәрігер бөлмесіне саяхат) Міндеті: Дәрігердің еңбегі туралы білімдерін кеңейту. Қарапайым дәрігер қолданатын қол жабдықтарымен таныстыру, еңбеке деген сүйіспеншіліктерін арттыру. (қоршаған ортамен таныстыру)	Жаңылтпаштар Міндеті: Мейірімділік пен имандылыққа тәрбиелеу халық ауыз әдебиетімен таныстыруды жалғастыру.Жаңылтпашты нақты, жылдам айтуға, тілді жаттықтыру (Көркем әдебиет) «Математика сиқырлы әлемінде» Міндеті: Геометриялық пішіндерді тану және атау, пішін түрлерін зерттеуге баулу. Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білу. Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. Заттарды салыстыру. (математика негіздері)	«Машиналарға арналған тар және кең жолдар» Міндеті: Балаларды көліктерге арналған тар және кең жолдарды құрылыс материалдарынан құрастыру, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру. (Құрастыру) «Отбасы» Міндеті: Балаларды отбасы мүшелері: ата, әже, әке, ана ұл, қыз сөздерінің қазақша, орысша атауларын айта білуге және осы сөздерден қысқаша сөйлем құрай білуге баулу. Мынау – әке,мынау – ана, мынау ата, мынау әже деген сөйлемдерді меңгерту. (Қазақ тілі)
Балалардың үйге		Өнегелі 15минут"- Ата-	Өнегелі 15минут"- Ата-	Ата–аналармен бала	Ата–аналармен бала

қайтуы		аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу. <i>(«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</i>	аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу. <i>(«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</i>	денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу	денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
--------	--	---	---	--	---

Тексерілді: _____

Балабақша әдіскері: Т.Ә.Жолдыбаева

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Балбала» бөбекжай -бақшасы

Топ: «Балдәурен» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 17.03 -20.03.2025 жыл

Тәрбиешілер: Ж.Ж.Боданова Т.Ә.Жолдыбаева

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен «Күй күмбірі» Д.Шығайұлының «Қосалқа» күйімен қарсы алу. <i>(«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</i> «Әз, наурызым армысың!» Міндеті: Наурыз туралы туралы түсінік беру.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен Т.Қазанғапұлының «Сылдыдық» күйімен қарсы алу. <i>(«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</i> «Қай аспап жоқ?» Міндеті: Балалардың зейіннің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту. (Музыка)	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен« Күй күмбірі» Қ.Сағырбайұлының «Алатау» күйімен қарсы алу. <i>(«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</i> Дидактикалық ойын «Суретті толықтыр» Міндеті: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге баулу.	Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен « Күй күмбірі» Махамбеттің күйі «Жұмыр қылыш» күйімен қарсы алу. <i>(«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</i> Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?» Міндеті: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. (Математика негіздері)	

	(Көркем әдебиет) «Апта сөз дәйектері» «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)		(Жапсыру)		
Ата–аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу.	Өнегелі 15 минут"- Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу. («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)	Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу.	Өнегелі 15 минут"- Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу. («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)	
Балалардың дербес іс – әрекеті	«Өз үйіңді тап» дидактикалық ойын Міндеті: Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға баулу. (Қоршаған ортамен таныстыру)	«Машина» Міндеті: Құрылыс материалдарының негізгі бөліктері мен бөліктердің бөліктерін, түсімен шамасы бойынша ажыратуға баулу. (Құрастыру)	«Сипап көр» Міндеті: Сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу. (Математика негіздері)	«Дөңгелектер» Міндеті: Ермексаздан машина жасап құрастыру. (Мүсіндеу)	
Таңертеңгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені №15 Қазақстан Республикасының әнұранын орындату (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 15 Қазақстан Республикасының әнұранын орындату (Дене шынықтыру.) Әнұран айту. (музыка)	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені №15 Қазақстан Республикасының әнұранын орындату (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені №15 Қазақстан Республикасының әнұранын орындату. (Дене шынықтыру) Әнұран айту. (музыка)	
Таңғы ас	«Ас адамның арқауы» Міндеті: Балаларға аспазшының жұмысымен	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар.	Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу	Тамаққа назар аударту. Ас ішу кезінде тыныш отыруды айту.	

	таныстыру, сұрақ-жауап.	Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. (Сөйлеуді дамыту)	бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесін орындау.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Сиқырлы қораптар» Міндеті: Сиқырлы қораптар туралы түсінік беру. Құрастыруға қалыптастыру. (құрастыру)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру Шаштараз қалай жұмыс істейді? Қуыршаққа көрсетеміз Міндеті: Шаштараз жұмысы туралы балаларға білім беру. Құрал-жабдықтарын атауға баулу. (Қоршаған ортамен танысу) «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»- ұлттық ойындар ұйымдастыру «Соқыртеке» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру «Бағдаршам» (сурет қарастыру) Міндеті: Түс туралы сұрақтарға жауап беруге баулу. (Жапсыру)	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру Танымдық ойын: «Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта» Міндеті: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. (Математика негіздері)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Тауық пен балапандар» ойыны. Міндеті: Бір-біріне допты домалату. Допты домалату кезінде қолдың қозғау күшін, қимыл үйлесімділігін дамыту (дене шынықтыру) «Сыйқырлы дыбыстар» Міндеті: Есту зейінін және тілдегі дыбыстарды дұрыс айту біліктерін жетілдіру. Сөздердегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды	«Бір-бірден сапқа тұру, жай жүріспен жүру» Міндеті: Саптан шықпай өз бағытын сақтауды, саппен жүруге үйретуді дағдыландыру. Жай сапқа өз орнын табуға баулу. (дене шынықтыру) «Нешеуміз» Бір үйде нешеуміз? Кел, санайық екеуміз.	Ұй жиһаздары (байланыстырып сөйлеу) Міндеті: Тұрмыстық заттардың қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі) сын есімдерді қолана білуге баулу. (сөйлеуді дамыту) «Қуыршаққа арналған керует» Міндеті: Ірі және ұсақ	«Әуен сандықша» Міндеті: түрлі сипаттағы музыканы тыңдатып айтқызу. Музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларын ажарату. Аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға баулу. (музыка) «Құстарға ұя жасайық» Міндеті: Композиция заңдылықтарын түсінуге,	

	<p>анық айтуларын қалыптастыру. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту.</p> <p>(Сөйлеуді дамыту) Ұлттық ойын: «Бестемше» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>Бас бармағым - әкем, Балалы үйрек – анам, Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бемеуміз.</p> <p>(қазақ тілі)</p> <p>"Машина" Міндеті: Машинаның қызметімен және бөлшектерімен таныстыру. Геометриялық фигуралардан машинаны жапсыруға баулу. Жапсыру реттілігін түсіндіру және жапсыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>(жапсыру)</p>	<p>құрылыс материалдарынан қуыршақтардың мөлшеріне сай түрлі көлемді пішіндегі бөлшектерді қолданып, үлгіге қарап құрастыру, балалардың іскерліктерін қалыптастыру.</p> <p>(құрастыру) «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»- ұлттық ойындар ұйымдастыру «Бәйге» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>сәнді жапсыруларды құрастыруға баулу. Балаларды ағаштың үстіне ұя жасап, орналастырып жапсыру. Жапсыруға арналған тапсырмаларды дұрыс орындауға баулу.</p> <p>(жапсыру)</p> <p>«Наурыз, той- думан!» мерекелік шара Тақырыбы: «Ал,кәнекей әжелер» Міндеті: Халқымыздың ұлттық мейрамы Ұлыстың ұлы күні- Наурыз мерекесін дәріптеу, ұлағатты дәстүрді құрметтеуге, аналар еңбегін бағалауға дағдыландыру. («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	
Серуенге дайындық	<p>Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.</p>	<p>Серуенге ойын құралдарын дайындау.</p>	<p>Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.</p>	<p>Жүйелі киініп серуенге шығу. Серуенге ойын құралдарын дайындау</p>	
Серуен	<p>Серуен № 1 Бұлтты күнді бақылау. Міндеті: Балаларға бұлттың қалай түзілетінің, одан кейін жаңырдың жауатынын, көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстырының</p>	<p>Серуен № 2 Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Еңбек: Ауланы өткен</p>	<p>Серуен № 3 Бұршақты бақылау Мақсаты: «Бұршақ» түсінігімен таныстыру; Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру; есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру.</p>	<p>Серуен № 4 Итті бақылау Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру; жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің</p>	

	<p>өзгерістерін түсіндіре отырып бақылату. Еңбек:Гүл егетін жерді тазалау. Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру) «Кімнің үйі мықты?» (Үйді жел қандай материалдардан ұшырып жіберді?) (Экологиялық мәдениет дағдысы)</p>	<p>күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу. Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты:ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. (қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>Еңбек :Аула қараушыға кескен бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, еңбек нәтижесіне қуануға үйрету. Қимылды ойын: «Ақ серек-көк серек». Мақсаты: ойын шартын сақтап ойнауға, құрбыластарын тыңдай білуге, олармен санасуға баулу. (қоршаған ортамен таныстыру) Тәжірбие: «Бұл орамал неге тез кебеді?»(себебі ол батереяда тұрған) (Экологиялық мәдениет дағдысы)</p>	<p>үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту. Еңбек: Жер қазу жұмыстарына қатысу. Мақсаты: ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан». Мақсаты:белгі бойынша әрекет етуге баулу; жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру)</p>	
Серуеннен оралу	<p>Балалардың реттілікпен шешінуі. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Торғай мен мысық» Міндеті: Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.</p>	<p>Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау.</p>	<p>Серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеу.</p>	<p>Бір -біріне шешінуге көмектесу.</p>	
Түскі ас	<p>Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту.</p>	<p>Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. Тағамды асықпай жеу керек. Балалардан дастархан басында айтылатын тыйым сөздерді сұрау. («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту.</p>	<p>Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.Ас мәзірімен таныстыру.</p>	

Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі	«Әлди –әлди ұйықтайғой» (Сөйлеуді дамыту)	«Балапаным» музыка тыңдату. (Музыка)	«Қуыр-қуыр-қуырмаш» (Музыка)	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	«Табанға арналған массаж» Кедір-бұдыр жолдармен жүру.Құмды,тасты жүріп өту.Әр түрлі кедергілері бар кілемшілерді басып жүру.	«Арқаға арналған «Ауа- райы» жаттығуы» Балалар бірінің артына бірі тұрып,алдыңғы тұрған баланың арқасына массаждар жасайды.	Тыныс алу жаттығулары. «Қарды ұшыр» Мұрынмен терең дем алып, ауызбен ауаны ұртқа жинамай, жәйменен дем шығарады.	«Ауыр тастар көтеру» Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп – түсіру.	
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	
